

Ораз Жандосовтың туғанына 100 жыл толуын мерекелеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 9 шілде N 100-ө

"1999 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 344 Р990344_ қаулысын іске асыру және аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында:

1. Алматы облысының әкімі:

Ораз Жандосовтың Райымбек ауданының Кеден селосындағы мұражайын жөндеуден өткізсін және экспонаттармен толықтырсын;

Ораз Жандосовтың туған жері Алматы облысында мерейтойлық іс-шаралар жүргізсін.

2. Алматы қаласының әкімі:

Алматы қаласындағы Ораз Жандосовтың ескерткішін жөндеу-әрлеу жұмыстарын жүргізсін;

жұртшылықтың қатысуымен Ораз Жандосовтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс өткізсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі белгіленген тәртіппен:

"Отаным менің - Қазақстан" деген ең үздік отансүйгіштік әнге

арналған композиторлар туындыларының конкурсын өткізуді;

Ораз Жандосовтың өмірі мен қоғамдық қызметіне арналған өмірбаяндық деректі фильм түсіруді;

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұражайында "Ораз Жандосовтың өмірі мен қызметі" деген көрмені;

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында безендірілген кітап көрмесін;

Ораз Жандосовтың мерейтойына арналған баспа өнімдерін (плакаттар, жарнамалар, буклеттер) шығаруды;

мерейтойлық шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталуын ұйымдастырсын.

4. Ораз Жандосовтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанатын өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 1999 жылға арналған бюджетте тиісті мемлекеттік мекемелер-бағдарламалардың әкімшіліктеріне көзделген қаражаттың есеінен және шегінде жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК